

## Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 тамыздағы 38 сессиясының № 6 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қыркүйекте № 3410 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 07.04.2016 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** :

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

Күші жойылды деп танылсын:

1) Бұқар жырау аудандық мәслихатының 10 сессиясының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 9 "Бұқар жырау ауданының селолық округтері мен кенттері бойынша митингілерді, жиналыстарды өткізу үшін орындар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-11-66 болып тіркелген, 2009 жылғы 24 қаңтардағы № 3 "Сарыарқа" аудандық газетінде жарияланған) шешімі;

2) Бұқар жырау аудандық мәслихатының 25 сессиясының 2010 жылғы 31 наурыздағы № 6 "Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы 10 сессиясының "Бұқар жырау ауданының селолық округтері мен кенттері бойынша митингілерді, жиналыстарды өткізу үшін орындар белгілеу туралы" № 9 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-11-93 болып тіркелген, 2010 жылғы 7 мамырдағы № 18 "Сарыарқа" аудандық газетінде жарияланған) шешімі.

Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасының міндетін атқарушы,  
мәслихат хатшысының өкілеттігін уақытша  
жүзеге асырушы

Т. Ргебаев

## КЕЛІСІЛДІ:

"Бұқар жырау ауданының ішкі  
саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

С.А. Колоскова

2015 жылғы 20 тамыз

Бұқар жырау аудандық  
мәслихатының 38 сессиясының  
2015 жылғы 20 тамыздағы  
№ 6 шешіміне  
қосымша

## Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу орындарының тізімі

№	Елді мекеннің атауы	Өткізу орны
1.	Ботақара кенті	"Сары-Арка" спорт кешені
2.	Қушоқы кенті	Мәдениет үйінің алдындағы алаң
3.	Ғабиден Мұстафин кенті	Моделді көпшілік кітапханасына қарамақарсы алаң
4.	Ақбел ауылы	Клуб алдындағы алаң
5.	Ақтөбе ауылы	Клуб алдындағы алаң
6.	Ақөре ауылы	Клуб алдындағы алаң
7.	Баймырза ауылы	"Нур-СХ" ЖШС ғимаратының алдындағы алаң
8.	Белағаш ауылы	Клуб алдындағы алаң
9.	Қызылқайын ауылы	Клуб алдындағы алаң
10.	Ботақара ауылы	Клуб алдындағы алаң
11.	Бұқар жырау ауылы	Әкімдік ғимаратының алдындағы алаң
12.	Гагарин ауылы	Әкімдік ғимаратының алдындағы алаң
13.	Дубовка ауылы	Клуб алдындағы алаң
14.	Доскей ауылы	"Ақ құдық" клубының алдындағы алаң
15.	Қаражар ауылы	"Карина" мәдени сауықтыру орталығының алдындағы алаң
16.	Қарақұдық ауылы	Клуб алдындағы алаң
17.	Көкпекті ауылы	"Ақ жарқын" кафесінің алдындағы алаң
18.	Керней ауылы	Клуб алдындағы алаң
19.	Жанаталап ауылы	Әкімдік ғимаратының алдындағы алаң
20.	Жанаөзен ауылы	Клуб алдындағы алаң
21.	Петровка ауылы	Пошта ғимаратының алдындағы алаң
22.	Ростовка ауылы	Мәдениет үйінің алдындағы алаң
23.	Самарқанд ауылы	Клуб алдындағы алаң
24.	Суықсу ауылы	Әкімдік ғимаратының алдындағы алаң

25.	Тоғызқұдық ауылы	Мәдениет үйінің алдындағы алаң
26.	Тұзды ауылы	Әкімдік ғимаратының алдындағы алаң
27.	Үміткер ауылы	Жеңістің 60-жылдығы атындағы парк
28.	Үштөбе ауылы	"Достар" кафесінің алдындағы алаң
29.	Центральное ауылы	Мәдениет үйінің алдындағы алаң
30.	Шешенқара ауылы	Мәдениет үйінің алдындағы алаң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК